Ғибратты ғұмыр

НӘРЛІ СУ

«...Мал жаяр өрістерінде малшылар қазып, керегінде пайдаланып, артынан тастап кеткен құдықтар болатын. Сайын даладағы мұндай құдықтар небір аптап ыстықтарда кездейсоқ адамдардың шелдеп жаныны аман алып қалатын еді. Жанағы құдықтың бір қабырғасын керіпіп жасаған баспалдақтары сау екен, құламапты. Сол баспалдақтың ең соңғысын басып, еңкейсем, құдықтың түбіндегі суға ауызым жетейін деп тұр. Байқасам қаптаған үлкенді-кішілі көлбақалар құдық түбіндегі суда ойран салып жүр. Шөл қысып бара жатыр. Құдық түбінде мөлдіреп жатқан суды көріп, қарап тұруға мұрша жоқ, көлбақаларды қолымменысырып тастап, ауызымды суға тықтым да, іштім-ай келіп... Көп іштім...» Алты жасар баланың құлан дүзде үш күн бойы адасып, ас-сусыз, ат-көліксіз жападан жалғыз жүріп, ақыл-есін сақтап, аман-есен қалуына себеп оның сұңғыла ақылы ма, Алланың қамқорлығы ма, әлде көз жасын көл қылып іздеген ата-анасының тілегі ме – әрине, тап басып бір пікір айту қиын. Бірақ, иен даладағы құдықтан су ішіп жан сақтауға болатынын, құдыққа түспек бар да одан шықпақ барын санасымен түйсініп тұрған баланың бойындағы қасиеттің оғыры не – туа біткі көрегендігі ме, не болмаса әкесімен бірге жүргенде көрген дүниелерін ұғынғыш алғырлығы ма – айтеуір оны өз бойындағы бір асыл қасиеттің алып жүргені мәлім.

Сол құдықтан қанып ішкен суы кейінгі өміріне таусылмастай нәр бергендей. Адам өмірінің сеңгір белесіне шыққа да, өзіне тән сырбаздығын айшықтай түсетін сымбатты тұлғасын тіп-тік ұстап маңғаздана жүретін, көзі отты, қимылы ширақ осы ағамыздың айрықша ғұмыр-болмысы туралы бірер сөз айтуды жөн санадым.

БІЛІМГЕ БОЛАДЫ ЕКЕН АҚЫЛ СЕРІК

Ақан серінің «Адамның біліміне ақыл серік, Ақыл – кен таусылмайтын жаңға көрік. Мидан шыққан сөзге тіл себепкер, Қалай айтып сөйлесең өзінде ерік» деген жолдары жұмбағы мол адам дүниесінің қыр-сырының басшысы ретінде ақылды алға тартады. Аллаға шүкір, халқымыз ақылы мен білімі келіскен азаматтардан кенде емес. Алайда олардың ішінде де ерекшеленіп тұратын тұлғалар болады. Солардың бірі – мемлекет және қоғам қайраткері, белгілі ғалым, экономика ғылымының докторы, профессор, академик Кенжеғали Сағадиев.

Мен Кенжекеңмен кемел шағында таныстым. Әрбір сөзін нықтап, ойланып айтатын, көргені мен түйгені мол, білімді, парасатты азаматтың қай кезде де сыйластықтың, құрметтің биік тұғырынан көрінуі сүйіндіріп келеді. Құрмет, әсіресе халқтың құрметі оңайлықпен беріле салатын арзан дүние емес, ол – тынымсыз күндер мен үйқысыз түндерді бастан кешіріп қол жеткізген терең білімнің нәтижесінде келетін жоғарғы қасиеттілік пен адал еңбектің арқасында азаматқа берілетін халықтың өзіндік бағасы. Бұған академик Манаш Қозыбаевтың сөзін халық бағасының көрсеткіші ретінде келтіруге болады: «...Кенжекең – сөгіз қырлы, бір сырлы азамат, халық мақтанышы. Ол елге көптеген қадір-қасиеттерімен қымбат».

Кенжекеңнің білімі туралы сөз болғанда, саясаткер Қуаныш Сұлтанов айтқысы, «...Ахмет Байтұрсынұлынан кейін ғылым айдынына кеме салған...», ол кемесінің Нұх пайғамбардың кемесіндей экономика және қоғам салаларының барлық асыл ізімдерін жинаған қасиетін қазақ ғылымындағы зәңгар тұлғасымен сипаттай айтамыз. Тарихымыздағы алып тұлғалар Байкен Әшімов пен Салық Зиманов тәрізді баталарын алып, олардың сара жолына түскен Кенжекендей азаматтың еңбегі еліміздің тәуелсіздігінің іргесін бекіту жолында да нақты ауқымды ғылыми зерттеулерімен, ашық пікірлерімен елдің көңілінен шықты. Әрбір түбегейлі ойының төрінде елдің қамы, халықтың ахуалы орын алып келеді. Қатарластары мен замандастарына бірдей үлгі-өнеге болып келе жатқан Кенжекең әлемдік ғылыми ортада да үлкен беделге ие.

Заман ауысты, қоғам өзгерді. Бұрын кеңестік билік жүйесінде сен қаншама талантты жазушы, ақын, ғалым болып тұрсаң да, сенің екінші мамандығың «коммунизм құрылысшысы» екендігін ұмытпай, оған әрбір көркеті шығармаларыңда, зерттеулерінде ерекше мән беріп, тек «социализм мен коммунизмнің» даңғыл жолымен ғана өнер-білімнің асуларын бағындыру мүмкін екенін ескере сапа отырып және оған сенімді дәлелдер мен дәйектер айта отыру керек болатын. Осылайша өнер біткенді саясатқа таңып қойған заман қазақтың небір сұлулықтарын тұсаулап ұстаған еді. Бірақ бұндай тоскауылдарға қарамастан терең білімпаздығымен қоса еліне деген азаматтық биіктік керектігін білген дарабоз тарландарымыз да болды. Солардың бірі – академик Кенжеғали Сағадиев. Ол кісінің екі заманның ағымында еркін жүзе білгені туралы Шыңғыс Айтматов жақсы айтып кетіпті: «Кенжеғали Сағадиев – один из блестящих представителей уникального в истории поколения современных шестидесятников, прошедших сложнейшую школу диалектики и противоречий XX века, утопий и антиутопий, социализма и антисоциализма, поколения, сумевшего совместить в своем духовном менталитете борение и взаимодействие противоречивых контрэпох, пережитых и переживаемых нами на путях демократии и национальных чаяний».

БАРДЫҚ БІЗ ЕЛ ЖАҚТЫ БЕТКЕ АЛЫП

Ғылым мен білімнің жолында үлкен жетістіктерге жеткен ғұламаларымыз ешқашан тұп тамырынан ажырағаны емес, керісінше халықпен арадағы қарым-қатынасты нығайта түсу жағын нықтап отырады. Осыдан бірнеше жылдар бұрын Кенжекең жақсы бір ойімен: «Әбдісағит, қазір елде түрлі шаруалар болып жатыр. Халқымыздың енсесін көтеріп кете алмай жатқан жағдайлары бар екенін өзің де білесің. Азаматтарды жинап, ел жаққа бет алып, барып қайтайық, халықты тыңдайық, ойларымызбен бөлісейік» деді. Ағаның айтқаны – іниге заң. Жолға дайындалдық.

Сонымен академик Кенжеғали Сағадиев, Әбіш Кекілбаев, Қуаныш Сұлтанов, Жабал Ерғалиев сияқты елімізге белгілі азаматтар, парламент мүшелері мен бірге Торғай жерін, алаш алыптары Ахаң мен Жахаңның табаны тиіп, есіп-өнген өлкесіне сапар шектік. Бұл елге – ұлы ағаларымыздың осы уақыттағы жалғасы, Қазақстан ғылымының аса дарынды өкілдері Манаш Қозыбаев, Өмірзақ Сұлтанғазин, Кенжеғали Сағадиев сынды саңлақтардың, ғұлама ғалым Қаныш Сатпаев іргетасын қалап, шаңырағын көтеріп, босағасын бекітіп кеткен Қазақ ұлттық академиясының екі бірдей президентін сыйлаған ел екенін бүгінгі замандағы өскелең халқымыз біледі.

Торғай менің ата-бабамның қоныстанған мекені болса да, ол өлкенің біраз жерін біле тұрсам да, Тұранның бір бөлшегі Торғай даласының *(қақпасының)* аты анығыра айналған, атам заманнан келе жатқан басты мекені *(қаласы)* Ғафу *(Қайырбеков)* сөзімен айтқанда, «ішіне оқиғаны тиеп-сықап, тарихтың қойып кеткен арбасындай» Торғайды мен Кенжекеңнің арқасында осы соңғы жылдарда ғана жете танысып, көңілім жайланды.

Иа, бұл елді-мекен – өткен ғасырдың аумалы-төкпелі заманында ел бірлігінің тұын бірге ұстауға сонау Ұлытаудан бастау алатын Сарыторғай өзенінің бойын кеңінен жайлаған елдің сыйлысы, бетке ұстар үлкені менің атам Тәтіғұл қажының атбасын тіреген жері, әкем – бала сарбаз Шаймұханбеттің 16-жылдың дүмпуіне қатысып, талай-талай уақиғалар ортасында бастан кешірген істерінің тарихи куәсі болған жер.

Кешікпей кампеске, содан кейін жер аудару, құдалау күшейген кезде атажұрттан алысқа кетуге мажбүр болған уақыт болды. Бұл тақырыпты қысқартыңқырап айтсақ, 20-жылдардың аумалы-төкпелі заманында түрмені де, тәркілеуді де бастан кешірген әкем мен оның ағасы отбастарын алып, Ресей жеріне маңайлас қалың орыс жайлаған елді-мекеніне қоныс аударған екен. Әкеміз соғысқа қатысқаннан кейін барып елге келген еді. Мен ол кезде жеті жаста едім. Аманкелді ауданында мектеп бітіріп, сол жерден жоғарғы оқуға кеттім. Сосын қызмет, аспирантура, тағысын тағылар өмірдің ағымымен жалғаса берді. Емін-еркін ел аралауға уақыт болмады. Сондықтан Торғай тарихын ғылыми еңбектер мен зерттеулерден кебірек білемін. Енді сол нағыз тарихымыздың негізі Торғай топырағына Кенжекеңнің арқасында осы ғасырда бірінші рет табан тигіздім.

Қазақтың Әбіші бастаған ел зиялылары Ақкөл мен Әулиекөлге дейін кесіліп жатқан Торғай даласының 4-5 ауданындағы кептеген елді-мекендерде болып, емін-еркін аралап, халықтың жағдайымен танысын, пікір алысты. Сол кездесулер кезінде елде болып жатқан біраз әсерлі де маңызды жаңалықтар мен өзгерістердің куәсі болдық. Әсіресе, Торғайдың өзінде болған кездесулер өте әсерлі өтті. Өткенді көзімен көріп, құлағымен естіген кешегі тарихтың, көзі тірі қуғерлерінің қатары, қазақшалап айтсақ, бір табаққа жетер-жетпестей боп селдіреп қалыпты.

Елдің тіршілігі әртүрлі. Арағідік беймаза уақыттар да болып тұрады. Сондайда Доспамбет жырау айтпақшы, «Кетбұғадай билерден кеңес сұрар күн қайда?!» деп, халықтың жақсы хабарға, жөн сөзге шөлдіркеп тұрған шағында келдік. Кенжекең бастаған ел аңғалары халықпен пікірлесе отырып, кешегі және бүгінгі өмір кезендерін салыстыра келе, болып жатқан өзгерістердің *(реформалардың)* қиындықтарымен қоса келешегі болатын жетістіктері мен жеңістері туралы ой-болжамдарымен бөлісті.

Қай жерде болмасын өзінің шығармаларымен де, жүріс-тұрысымен де енеге болып жүретін теңіздей терең халқымыздың Әбішінің ел азаматтарымен жүздесуі бүкіл Торғай даласын жылуға бөлей кетті.

Елімізге әйгілі, өзіне жүктелген істерді атқаруда әрдайым байгелі болып жүрген Парламент мүшелері Қуаныш Сұлтанов пен Жабал Ерғалиевтің саясатымыздың бүгінгі бағыты мен парламенттің ині шешімдері жөнінде айтылған тұшымды пікірлерін ел ризашылықпен қабылдады. Қиындық белісте ғана жеңілдейді. Қазақтың «Көппен бірге ұлы той» дегені осындайда айтылған. Бұл кездесу ел азаматтарының көппен бірге өткізген келешекке деген сенімді арттырған оқиға болды.

ОРЫНДАЛҒАН АРМАН

Кенжекеңнің үйіндегі Нағытай жеңгеміздің берекелі қолы Торғай сапарының манін әсерлендіріп жіберді. Әрбір барған жерінде топ-тобымен үлкен-кішіге сый тартып, ел ағасы жасындағыларға арнаулы шапандар жауып, көпшілікті риза қылды. Үлкендер жағы батасын беріп, кішілер мәре-сәре болып, басқосуымыздың кештері қызықты думанмен жалғасып жатты. «Үйді қырық еркек толтыра алмайды, бір әйел толтырады» деген халқымыздың даналығы бар. Халқыңқағалары болып, айтқанда ауыз толатын, қарағанда көз тоятын, естігенде құлақ құрышынды қандыратын небір шешен, көсем ер-азаматтар жиналғанда, барінің берекесін кіргізіп, сан-салтанатын арттырған осы жеңгеміз Нағытай болды.

Негізінде болашағын болжай білетін ер-азаматтың алдында екі үлкен арман болады: бірі өзінің келешегіне нәсіп болатын қасіп таңдау болса, енді бірі – өзіне лайық жар таңдау. Осы екеуін жазбай таңдай білген азамат озады. Нағытай жеңгеміз – бір отбасының ырысын бүкіл елдің құтына айналдыра білген дана аналарымыздың асыл қасиетін сақтап қалған берекелі жан. Ерінің азаматтық болмысын, халық ұлы болып жөн айтар, тоқ басқара білер қасиетін тап басып көре білген жеңгеміз жас отбасын құрғаннан-ақ азаматының абыройын асқақтатып, беделін биіктете білді. Нағытай Әбітайқызының «Жер бетінде қалған із» деген естелігінде мынадай жолдар бар: «...Біз есек арбамен жаңа пәтеріміз көшіп бара жатырмыз. Әне, Кенжекең көшеңің арты бетінде бойын тік ұстап, қаздандап кетіп барады. Тіпті, бізге қарайтын түрі де жоқ. Тұла бойы кек тірегендей Кенжекеңнің мына мұйтаң журісті есек арбаның соңынан ілесіп, еріп келе жатқандығын елестетуінің өзі мүмкін емес. Бұл мұйтаң журіс, бұл қүйбеңтіршілік сол кезде өзін-де-ақ Кенжекеңнің тұла бойына жараспайтындығын аңғарған едім». Қанша өткір болса да қылышты тасқа салсаң, жүзі қайтады. Адамды да күйбеңтірлік мұқалтып жібереді. Осының түсінген дана жеңгеміз ағамызды жауыр дүниенің салмағынан алшақта ұстап, оның еңсесінің түспеуін қадағалап келеді. Әкенің абыройы – балаға үлгі. Жеңгеміз – өмірлік жұбайының отбасындағы абыройын Отанымыздағы абыройына ұластыра білген аса көреген, ақылды жан.

Бұл кісінің өмірде көрген қиындықтары да бір басына жетерлік. Алайда өмір оны жасытпаған, қайта әрбір реніш, әрбір таршылық оны алға қарай итермелей түскен сияқты. Жоғарыда аталған кітабын оқып отырғанда, ондағы бір эпизод мені әлі күнге дейін толғандырады. «...Мектептегі сабағыма жинала бастасам болды, нағашы атам үйдің алдынан бастап, мектептің босағасына дейін шөп шашып, жол жасайтын. Атам шөп төсеп, жол салғанын есіктен сығалап қарап тұрамын да, үйден жалаң аяқ жүгіре шығып, мектепке келетінмін». Бір күн емес, екі күн емес қыс бойы мектепке құстай ұшырып жалаң аяқ апарған білімге деген, келешекке деген қандай сенімді құштарлық?!

Соғыстан кейін оқуға барған біздер қыста бір отбасындағы оқушы балалардың бір аяқ киімді кезектесіп киетінін, болмаса екі аяғына түрі де, түсі де, өлшемдері де екі түрлі аяқ киім киіп келетінін көрдік, тіпті болмаса қыста мектепке бармайтын. Ал тал шыбықтай бұралған қыз баланың қыстың кезі қырауда күнде-күнде жалаң аяқ мектепке баруы деген қиялда ғана болатын жағдай, уникум, менің біраз замандастарым көрмек түгілі естімеген, түсіне де кірмейтін оқиға.

Ағаңа оқығанда-ақ, ағырмай, мына оқиға *(сюжет)* бір талантты композиторшың көзіне түсіп жүр-ау, болмаса мына бір керемет либретто жазылып, оның Вагнері, Чайковский табылса, Сарыарқаның сары аязында балапан аққудың жапан даладағы аппақ ақ қардың үстіне төсеген жап-жасыл реңін жоғалтпаған шөптің үстінен аяғының ұшымен ұмтыла ұшып, мектебіне, арманды келешегіне деген қанат жайған өмір симфониясын байқаған болар еді. Д.Д. Шостаковичтің №7 Ленинград симфониясындағы қиындықтың түбіндегі қуанышты жеңісіне жеткен әсерлі, қарқынды әуеніне ұқсас керемет шығарма болар еді.

Сондай қиындықты басынан кешіріп, білім алған Нағытай жеңгеміз де өз саласында білікті маман болды. Ғылым кандидаты дәрежесін абыроймен қорғап, доцент, профессор атақтарына дайындалды. Бірақ отбасының мақсатын бірінші орынға қойып, Кенжекеңдей азаматтың түгінін түзу шығаруды өмірлік міндеті деп санады. Қазіргі уақытта балалары мен ағайындарының басын біріктіретін дана отанасы ретінде бүкіл әулеттің үйтқысы болып отыр.

Ердің азаматтық келбетін қалыптастыратын осындай екі көрсеткіш – қасібі мен отбасы Кенжекеңнің өміріндегі ең сәтті, ең табысты таңдалған асыл дүниесі деп білемін. Отбасы кикілжіннен ада жан ғана сыртқары ісін жақсы атқарып, халық, ел алдындағы міндеттерін орындай алады. Оның үстіне Жаратушының берген табиғаты, болмысы осы екі көрсеткіштің арасын үйлестіріп, адамның ортасымен жарасымын арттыра түсері айғақ. Сол себепті сондай абыройға ие болған адамдардың келбеті басқалардан ерекшеленіп тұрады. Дәуірі бір, заманы мен ортасы ортақ адамдарды осындай табиғи мінезі, дарыны мен қасиеттері бір-бірінен айрықшалап тұрады.

Кенжеғали Сағадиев пен Әбдісағит Тәтіғұлов

ЕРДЕН ЕРДІҢ НЕСІ АРТЫҚ?!

Мұқағалидың Қасым туралы айтқан мынадай жолдары бар:

Дейсіндер-ау Қасымның несі басым?!
Қасым солай болмаса, несі Қасым?!
«Ақынмын» деп қопандап жүргендердің
Әммесінен Қасымның несі басым.

Иә, «Ерден ердің несі артық, Ептестірген сөзі артық» деп Қазыбек бииміз айтып кеткен бұл бұлжымас қағиданы біздің шоқтығы биік бір шоқ азаматтарымыз туралы да айта аламыз. Қазақта алтын құрсақты аналар туған алыптар көп, олардың әркайсысының өз бөлігі бар: шындықтың шырақшысы атанған Шерағаң *(Шерхан Мұртаза)* өзінің қаламгерлік жолында бір төбе, бүгінде халқымыздың өнер саласындағы дара дарыны Асекеңнің *(Асанәлі Әшімов)* алған бөлігі, қазіргі медицина ғылымы мен ісінің көрнекті кемеңгерлері Терегелді Шарманов пен Қамал Ормантаевтың да алып отырған асқаралы биіктері – жеке-жеке бір төбе. Кешегі өткен Әбіштің бөлігі қандай еді?! Кенжекең өзінің кітабында ол кісіні Торғай халқының туған баласындай көретінін айтқан екен. Әбіш – бір Торғайдың емес, қазақтың көсіліп жатқан дархан даласының ұлы еді ғой! «Бүгін Әбіш ортамызда жоқ. Өмірдің қайтып келмес желкеніне мініп кетті...» деп Кенжекең тебіреніп жазыпты. Әбіш – кетті, оның бөлігі қалды артында...

Ал Кенжекеңнің асқар тауы, бөлігі өз алдына бір бөлек. Оның адамгершілігі, парасаты өнегелі: үлкенге де, кішіге де ізеті, досқа адал. «Достың да досы болады» дейді Кенжекең «Менің Балтабайым» деген эссе-естелігінде. Бірі еліміздің солтүстік қиырының, екіншісі оңтүстіктің тумасы. Жұлдызды жастықтағы таныстықтарының айнымас достыққа айналуының өзі бір дастанға сюжет болатындай. Балтекеннің о дүниелік болғанына да әжептәуір уақыт өтсе де, осы екі отбасында орнаған бүлкемас тәрбіп – барлық қуаныштарда бірге болу. Балалардың үйлену тойлары, немерелер мен шөберелердің шілдеханасынан бастап басқа да қуаныштары бір-бірінсіз өтпейді. Екі үйдің байбішелері Нағытай жеңгей мен Сәуле жеңгей де қазақ жерінің екі өңірінен *(Жезқазған және Атырау)* болса да, аналы-сіңлідей жұптарын жазбай, жұмсақ әзіл, жайдары көңілмен сыйласып отырғандарын көрудің өзі қандай ғанибет, қандай үлгі?!

Адамдық қасиеттермен қатар, Кенжекеңнің іскерлік, зерттеушілік қабілеттері де көпке өнеге. Оның кең тынысты зерттеуші ғалым екендігі, оның том-томдық шығармалары, еңбектері отандық және шетелдік ғалымдар, өріптестері тарағынан жоғары баға алып келеді. Бұндай азаматтарды неге бұлай, неге ол бик, несімен басым деген сұрақтардың шеңберіне сыйғызу мүмкін емес. Бұл азаматтар уақытында қиындықтарды да керді, білікті бөлігінде де болды, бірақ азаматтықтарын жоймаған, сондықтан бұл ағалардың жекежеке есімдері бик туады. Кенжекең туа біткен ақылымен, білімімен, тазалығымен басым. Ол Кенжеғали Сағадиев деген нар тұлғасымен, ғибратты істерімен басым. Бала кезінде шөпін қандырған нәрлі суы/өмір бұлағы кейінгі азаматтық келбетін қалыптастырған мағыналы өміріне қуат сыйлап, Кенжекең бүгінде біліміне ақылын серік етіп, өзінің бар күш-қуатын арнаған көпшілік жұртымен бірге ел мойнындағы міндеттерін өз заманына лайықты атқарып келеді. Лайым, күш-жігері сарқылмасын!

Әбдісағит ТӘТІҒҰЛОВ,
Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты,
Сәулетшілер одағының мүшесі